

**Қыпшақова М.М.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультет, ДФ-41 тобының студенті  
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.м., аға оқытушы Рымханова А.Р.*)

## **СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ЖЕТІЛМЕГЕН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДАҒЫ ЖАЗБА ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСЫН ТҮЗЕТУДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ**

Қазіргі кезде логопедияның өзекті міндеттерінің бірі болып мектепке дейінгі, бастауыш мектеп жасындағы балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету үрдістерінің тиімділігін жоғарылату болып табылады. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың білім алудағы негізгі қиындықтарының бірі-олардың жазу және оқу процестерін меңгере алмауында. Сөйлеу бұзылыстары бар балалардың жазба тілін нәтижелі меңгеруі ауызша сөйлеу тілінің барлық жағының қалыптасуымен байланысты: дыбыс айту, фонематикалық қабылдау, анализ бен синтез,сөздік қор және сөйлеу тілінің грамматикалық жағы. Дегенмен, осы дағдылардың қалыптасуы жазба тілінің психофизикалық негізін құрайтын көру арқылы кеңістікті бағдарлау, есту-моторлы және оптикалық-моторлық координация, жалпы және ұсақ моторика сияқты психикалық процестердің вербальді емес формаларының қалыптасуымен де тығыз байланысты [1, 7-10].

Жазба тілінің бұзылыстарына оқу мен жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары жатады. Жазу-бұл графикалық элементтердің көмегімен ақпараттарды тасымалдап, сөйлеу тілін белгілейтін таңбалар жүйесі,яғни жазбаша таңбалар жүйесі арқылы қатынас жасаудың ерекше түрі. Дисграфия – (грек т. dis- бұзылыс, grapho - жазамын) жоғарғы психикалық әрекеттердің жеткіліксіздігінен немесе қалыптаспағандығынан туындайтын, тұрақты қайталанатын қателерден көрінетін жазу үрдісінің жартылай бұзылысы. [2, 21-23].

Жазу үрдісіне толық қабілетсіздік аграфия деп аталады. Дисграфия оқу үрдісінің жартылай бұзылысы дислексиямен, сонымен бірге, зейіннің жетіспеушілігімен, кеңістікті қабылдаумен, әріптерді көру арқылы танудағы қиындықтармен және т.б себептермен байланысты болуы мүмкін.

Жазба тілінің бұзылысы оқу әрекетінің жетістігіне,мектепке бейімделу тиімділігіне кедергі келтіреді,баланың жеке тұлға дамуында ауытқушылық және екінші психикалық өзгерістер жиі туындайды. Жазба тілінің спецификалық бұзылысы (дисграфия) орфографияны меңгерудегі, әсіресе күрделі орфографиялық ережелерді игеру кезіндегі қиындықтарды да қамтиды [3, 37-38].

Зертеушілердің айтуы бойынша, қазіргі таңда дисграфия 2- сынып оқушыларында 53% және ортабуын оқушыларында 37-39% кездеседі, себебі, бірінші сыныпқа фонетикалық фонематикалық жетіспеушілігі бар және сөйлеу тілінің жалпы жетілмеуі бар балалар түседі, ал онсыз сауаттылықты меңгеру мүмкін емес.

Дисграфияның негізгі симптоматикасы жазуда кезесетін және қайталанып отыратын тұрақты қателер болып табылады. Қазіргі кезде жазба тілі бұзылысының жіктелулері өте көп. Ең кең таралғаны А.И.Герценнің жіктелімі, ол келесідей формаларда көрінеді:

- артикуляторлық- акустикалық;
- фонеманы танудың бұзылысынан болған дисграфия;
- тілдік жинақтау мен талдаудың әсерінен болған дисграфия;
- аграмматикалық;
- оптикалық.

Берілген классификацияның негізінде жазу үрдісінің арнайы операцияларының қалыптаспағандығы жатыр [4, 18-19].

Дисграфияны түзету белгілі бір жоспар бойынша жүзеге асырылады, яғни ол бұзылыстың механизмімен және дисграфияның қандай да бір түріне сәйкес орындалуы керек. Себебі, дисграфияның әр түрі әрқалай әдістермен түзетіледі. Түзету кезінде мынадай міндеттер шешілуі тиіс:

- фонематикалық қабылдауды қалыптастыру;
- фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын қалыптастыру;
- дыбыстық және әріптік жинақтау мен талдауды қалыптастыру;
- буындық және тілдік талдау мен жинақтауды қалыптастыру;
- кеңістіктік уақыттық бағдарлауды дамыту;
- көру және есту арқылы қабылдауды дамыту;
- байланыстырып сөйлеуді дамыту;
- оқу және жазу үрдістерін дамыту.

Дисграфиясы бар балалармен жұмыс жасайтын логопедтің маңызды міндеттерінің бірі әрбір нақты баладағы жазба әрекетінің бұзылу негізінде жатқан механизмді дұрыс анықтау болып табылады. Оқудың ұзақтығы мен әдістері осыған байланысты.

Қазіргі кезде жазба тілінің бұзылысы бар балаларға арналған түзету бағдарламаларының жоқтығы, сонымен қатар әсіресе, қазақ тілінде әдістемелік құралдардың және практикалық кешендердің жеткіліксіздігі логопедтердің жұмысын қиындататындады және осы мәселенің өзектілігін білдіреді [5, 37-38].

Қазіргі таңда мектепке дейінгі, бастауыш сынып жасындағы балаларға ойын технологиясы жақсы қолданылады. Мұндай таңдау тегін емес, себебі ойын балалар үшін жетекші рөл атқарады. Ойын арқылы ынталандыру оқу процесінде басыңқы рөл атқарғанымен, ойын арқылы оқу процесін жеңілдетуге болады. Компьютер біздің өмірімізге белсенді түрде кіруде және үлкендердің өмір әрекетінің құралы ғана емес, сонымен қоса балаларды оқыту құралы болып табылады. Көптеген авторлардың айтуынша, компьютерлік техникаларды қолдану педагогикалық үрдісті жеделдетіп, кез келген әрекеттің тиімділігін арттырады. Дәстүрлі оқыту мен тәрбиелеу формаларымен салыстырғанда компьютер өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады:

- компьютер экранына шыққан ақпарат балаларда әрекетке деген үлкен қызығушылықты оятады;

- компьютердегі ақпарат балаға түсінікті болады;

- пернетақталармен, тышқанмен жұмыс жасау арқылы қол моторикасы дамиды;

- өзіндік жұмыс жасау мен өзіндік бақылау дағдыларын жоғарылатады;

- мәселе сұрақтардың қойылуы, дұрыс жауап бергендегі компьютердің мадақтары, балалардың танымдық белсенділігін ынталандырушы болып табылады;

- «компьютер» баламен арақатынаста өте төзімді, жіберген қателер үшін ұрыспайды, қателескен сұрақтарды баланың өзі дұрыстағанын күтіп тұрады, яғни мүмкіндік беріледі.


Дегенмен, компьютер адамның эмоционалдық қарым қатынасының орнын баса алмайды, ол тек үлкендердің орнын толықтыратындығын айта кеткен жөн.

Жазба тілінің бұзылысы бар балаларға арналған менің ұсынып отырған бағдарламам 6 бөлімнен тұрады. Әрбір бөлім атауына сәйкес ойын мен тапсырмалар берілген. *Мысалы: «Ойнаймыз, ойлаймыз»* бөлімінде баланың қабылдау үрдісін дамыту мен көлем түсініктерін қалыптастыруға арналған ойын түрлері берілген.

«Суретте жоқ затты белгіле»

Бала картинаға қарап, төмендегі суреттердің ішінен картинада жоқ суретті таңдау керек. Егер дұрыс таңдаған жағдайда ойын тапсырмасының төменгі бөлігіне «Дұрыс» деген сөз жазылып, ойын әрі қарай жалғасады, егер бала бұрыс таңдаған жағдайда «Дұрыс емес» деген жазу шығып, қайтадан ойлануға мүмкіндік беріледі.

? Суретті мұқият қара! Қай зат суретте бейнеленбеген? Сол затты белгілеп көрсет




«Оң мен солды білемін» бөлімінде оң мен сол, жоғары, төмен, ортасы деген сияқты кеңістіктік ұғымдар арқылы, кеңістікті бағдарлауды қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар түрлері берілген.



«Әріптер әлемі» бөлімінде әріпті тануға арналған ойын тапсырмалары ұсынылады.

! Дұрыс жазылған әріпті таңда




? Суретке мұқият кара. Қандай әріпке ұқсайды? Төмендегі әріптермен сәйкестендір



«Сөздер құрай аламын» бөлімінде тізбектен сөздерді табу, артық әріптерді алып тастап сөздер құрау сияқты ойын түрлері беріледі. Сөздерді табу үшін әріптерді бір бірден бояу керек, әр әріп бояла отыра белгілі бір сөз шығады.

? Тізбектегі сөзді тап: гүл



Осы бағдарлама арқылы жазба тілі бұзылысын түзетуге мүмкіндік туады және электронды оқыту бағдарламасы қазіргі дамыған қоғамда тиімді болып табылады. Бұл бұзылыстың алдын алуға өз септігін тигізеді деген ойдамын.

Қорыта келгенде, егер, бастауыш сынып оқушыларындағы жазба тілі бұзылысының алдын алуға электронды оқыту бағдарламасын қолданар болсақ, онда бастауыш сынып оқушыларындағы жазуда кездесетін тұрақты спецификалық қателердің деңгейі төмендейді немесе кемшіліктердің алдын алуға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ахутина Т.В. Трудности письма и их нейропсихологическая диагностика // Письмо и чтение: трудности обучения и коррекция: Учебное пособие / Под общ.ред. О.Б. Иншаковой. – М.: МПСИ, 2001. С. 7-10.
2. Садовникова И.Н. Коррекционное обучение школьников с нарушениями чтения и письма. - М., 2005. С. 21-23.
3. Волоскова Н. Н. Формирование графо-моторного компонента письма у учащихся начальных классов // Письмо и чтение: трудности обучения и коррекция: Учебное пособие/ под общ. ред. канд.

пед. наук, доцента О.Б. Иншаковой. - М:Московский психолого-социальный институт; Воронеж: МОДЭК, 2001.С.37-38.

4. Цветкова Л. С. Нейропсихология счета, письма и чтения: нарушение и восстановление. – М.: МПСИ; Воронеж: Модэк., 2000.С.18-19.

5. Ефименкова Л.Н. Коррекция устной и письменной речи учащихся начальных классов. - М.,2001 г.С.35-37.

**Марченко А.В.**, Карагандинский государственный университет имен академика Е.А.Букетова, факультет физической культуры и спорта, магистрант гр. ФКиС-23  
(*Научный руководитель – к.б.н., профессор Кузнецова Л.С.*)

## ПОВЫШЕНИЕ ИНТЕРЕСА ДЕВОЧЕК СРЕДНИХ КЛАССОВ К УРОКАМ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

**Введение.** Организация учебной деятельности ориентирована на получение знаний, имеющих личностный смысл, при этом должны учитываться индивидуальные особенности учеников. Это характерно для личностно-ориентированного подхода в обучении, условием осуществления которого являются мотивация учебной деятельности и дифференциация процесса обучения.

Важное место в системе обучения и воспитания учащихся занимает физическая культура, средства и методы которой служат повышению уровня здоровья и работоспособности.

Анализ современных исследований по проблеме выявил снижение интереса школьников средних и старших классов к занятиям физической культурой и спортом [1,2]. Кроме того потребности школьников в занятиях физической культурой меняются с возрастом. Так, в средних и старших классах потребности школьников уже не соответствуют содержанию учебной программы, наличию материальной базы школ и другим факторам. Не имея возможности удовлетворить индивидуальные потребности, многие из учащихся теряют интерес к занятиям физической культурой. Часто наблюдается безразличие учащихся к физической культуре, спорту, нежелание использовать их средства для активного отдыха, проведения досуга, совершенствования физических кондиций. На отсутствие потребности в занятиях физической культурой и спортом у выпускников школ указывают педагоги, социологи, работники физической культуры [3,4].

Физкультурная деятельность учащихся имеет следующую классификацию побуждающих мотивов:

- внутренние мотивы, связанные с удовлетворением процессом деятельности (эмоциональность, новизна, любимые упражнения и т. д.);
- внешние положительные мотивы, основанные на результатах деятельности (приобретение знаний, умений, навыков, активный отдых и т. д.);
- мотивы, связанные с перспективой (укрепление здоровья, коррекция фигуры, развитие физических качеств и т. д.);
- внешние отрицательные мотивы (страх перед насмешками из-за неумения выполнять какое-либо движение, получить низкую оценку) [5].

Целью нашего исследования явилось выявление особенностей формирования интереса и потребности в занятиях физкультурой и спортом у школьниц 7 классов в зависимости от содержания вариативного компонента предмета «Физическая культура» в общеобразовательной школе.

В наблюдениях принимали участие школьницы 7 классов, всего 48 девочек. На первом этапе исследования было проведено тестирование показателей физической подготовленности девочек и анкетирование [6].

Предварительно во время бесед на классных часах были выявлены программные материалы, наиболее интересные для девочек 7 классов, после чего в рамках третьего урока физической культуры была расширена вариативной части программы [7].

Все респонденты были разделены на две группы. Контрольную группу составили 22 девочки класса, занимающегося физкультурой по типовой государственной программе. Экспериментальную группу (ЭГ) составили 26 девочек двух 7 классов, у которых один урок в неделю включал аэробику (вариативный компонент). Всего в ЭГ было проведено 26 уроков по оздоровительной аэробике [8].

На третьем этапе эксперимента сравнивались результаты анкетирования и аналитические данные физической подготовленности, успеваемости по предмету до и после эксперимента (КГ, ЭГ). Анкетный опрос проведен среди школьниц 7 классов на тему: «Интерес и потребность учащихся в